



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

Ереже  
нормативтік құжат түрі


П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Бет 1-16

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында  
«Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» туралы  
**ЕРЕЖЕ**

Алматы  
2023 ж.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

П 017-1.06-2023  
30.11.2023 ж.  
Бет 2-16

Ереже  
нормативтік құжат түрі


## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы № 4 хаттама, № 4 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** «28» 12 2022 ж №3 баспаның орнына
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 года

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3-16

## Мазмұны

1. Қолдану саласы .....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Пайдаланылған қысқартулар.....	5
4. Терминдер мен анықтамалар.....	5
5. Жалпы ережелер.....	6
6. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі .....	8
7. Білім алушылар қатарына қайта қабылдау тәртібі.....	8
8. Шетелдік ЖЖОКБҰ ауыстыру немесе қайта қабылдау кезіндегі тәртіп.....	8
9. Басқа ЖЖОКБҰ ауысу тәртібі.....	9
10. Ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысына ауысу тәртібі.....	10
Келісу парағы.....	11
1-Қосымша Нысан .....	12
2-Қосымша Нысан .....	14
3-Қосымша Нысан .....	15
Танысу парағы.....	16

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023
		30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 4-16

### **Бекітілді**

«Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы»  
РММ Ғылыми кеңесінің  
шешімімен

«30» қараша 2023 жыл  
№ 4 хаттама

### **1. Қолдану саласы**

1. ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі-Академия) білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы ережесі (бұдан әрі-ереже) академияда білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдаудың ұйымдастырылуын және тәртібін белгілейді.

2. Осы ереженің талаптары Академияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.


3. Осы ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынуға жатпайды.

4. Осы ереже Академияның мемлекеттік тапсырысы бойынша және шарт негізінде білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау рәсімін регламенттейді.

### **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

- 1) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III Заңы
- 2) "Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ережесі " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысын енгізу туралы,
- 3) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- 4) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығы.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 5-16

5) "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

6) «Бакалавр " немесе " магистр " дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығы.

7) ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ 2023-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы.

8) ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ Жарғысы.

### 3. Пайдаланылған қысқартулар.

**ҚР МАМ** -Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі,

**ҚР ҒЖБМ**-Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі.

**ББТ**- білім беру бағдарламасың тобы

**ББ** - білім беру бағдарламасы,

**ГРА**-үлгерімнің орташа баллы

### 4.Терминдер мен анықтамалар

1) академиялық кредит - білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;


2) Транскрипт-кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңі үшін игерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын құжат.

3) Білім беру гранты – "бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы»;

4) Білім беру бағдарламаларының топтары-даярлау бағыты бейінінің ортақтығымен біріктірілген және белгілі бір білім беру саласы шеңберінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін білім беру бағдарламаларының жиынтығы;

5) Білім беру саласындағы уәкілетті орган-білім беру саласындағы басшылықты және сала аралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

6) Конкурстық комиссия - ақылы оқудан мемлекеттік тапсырысқа (бюджетке) конкурс өткізу үшін академия құратын комиссия (бұдан әрі-комиссия);

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 6-16

## 5. Жалпы ережелер

5. Осы ереже Академияға білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау туралы мемлекеттік тапсырыс бойынша және шарт негізінде білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау рәсімін реттейді.

6. Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан (бұдан әрі-ББ) екіншісіне, басқа ЖЖОКБҰ Академияға, бір оқу нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру траекториясынан бір ББ ішінде екіншісіне ауыстыру жүзеге асырылады.

7. Білім алушыны бір ББ-дан екіншісіне, бір оқыту нысанынан екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау академияның академиялық күнтізбесіне сәйкес жазғы және қысқы каникул кезеңінде жүзеге асырылады.

8. Білім алушы академияға қайта қабылдау кезінде оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

9. Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру оқу үдерісінде босаған білім беру гранттарын беру арқылы жүзеге асырылады.

10. Білім алушылардың ауыстыру және қайта қабылдау туралы өтініштерін Академия ректоры осы Ереженің № 1,2 қосымшасында келтірілген нысан бойынша қарайды.


11. Ауыстыру және қайта қабылдау туралы бұйрықты Академияның оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін шығарады.

12. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған пререквизиттері ескеріле отырып, оқу жұмыс жоспарындағы пәндер бойынша академиялық айырмашылық айқындалады. Комиссия білім алушылардың ауысу немесе қайта қабылдау кезінде олардың оқу нәтижелеріне қарай оқитын курсы анықтайды.

13. Академиялық айырма ағымдағы оқу жылына арналған "бір академиялық кредиттің құнын бекіту туралы" академияның бұйрығына сәйкес ББ 1 академиялық кредитінің құнына сәйкес ақылы негізде тапсырылады.

14. Оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты офис регистратор бөлімі мен академия ректорының бұйрығымен құрылған комиссия оқыған пәндер тізбесін, олардың бағдарламалары мен академиялық сағаттардағы немесе кредиттердегі көлемі негізінде транскрипте 16 кредиттен (ECTS) аспайтын етіп айқындайды (қосымша 4).

15. Ауысу, қайта қабылдау кезінде қол жеткізілген оқу нәтижелері, білім алушының оң бағалары академиялық кредиттерді бір ББ-дан екіншісіне,



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Ереже  
нормативтік құжат түрі

Бет 7-16

басқа ЖЖОКБҰ ауыстыра отырып танылады, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктері мен академиялық адалдықты бұзу жағдайы ескеріледі.

16. Сынақ ең төменгі FX (0,5; 50-54%) бастап ең жоғарғы А (4,0; 95-100%) дейінгі диапазонда төрт балдық жүйе бойынша сандық баламаға сәйкес келетін білім алушының оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесіне теңестіріледі.

17. Оқу жұмыс жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы осы пәндерге жазылады, академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, Академияның офис-тіркеушісі бөлім белгілеген мерзімге дейін ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және қорытынды бақылауға рұқсат алады.

18. Егер академиялық айырмашылық пәндері ағымдағы академиялық кезеңнің оқу сабақтарының кестесіне енгізілмеген жағдайда, білім алушы оларға жазғы семестрге жазылады.

19. Жазғы семестрде жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық одан әрі академиялық берешек ретінде ескеріледі.

#### **6. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау тәртібі**

20. Егер Академия білім алушылары жеке оқу жоспарына сәйкес меңгеріп жатқан бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін толық аяқтаса, оқудан шығарылғаннан кейін ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

21. Оқудың құнын төлемегені үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы қарызын өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде қайта қабылданады.


22. Академия үшін бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға түскен Академия білім алушылары басқа ЖЖОКБҰ тек ақылы негізде ауыстырылады.

23. Студенттерді, магистранттар мен докторанттарды басқа ЖЖОКБҰ Академияға ауыстыру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

24. Білім алушыны Академияға ауыстыру және қайта қабылдау жоғары білім үшін - Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) 65 балдан төмен емес сертификаты немесе магистратура үшін - түсу емтихандарын тапсыру туралы сертификаты болған кезде жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушыларды жоғары білімнің басқа білім беру бағдарламаларынан (шығармашылық дайындықты талап етпейтін) Академияның ББ ауыстыру кезінде кафедра шығармашылық даярлықты бағалайды және хаттама ресімдейді.

#### **7. Білім алушылар қатарына қайта қабылдау тәртібі**

25. Академияда білім алушылар қатарына қайта қабылдау:

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b>	П 017-1.06-2023
	<b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 8-16

- 1) Академия ректорының атына осы ереженің 2 қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш,
- 2) транскрипт немесе білім алуды аяқтамаған адамдарға нысан бойынша берілетін анықтама,
- 3) ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нысаны бойынша сертификаты, нәтижелері /балдары/ шығармашылық емтихандары.

### **8. Шетелдік жоғары білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезіндегі тәртіп**

26. Шетелдік жоғары білім беру ұйымынан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде мыналар қажет:

- 1) меңгерілген білім беру бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);
- 2) Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтетін алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат;
- 3) шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері.

27. Төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақытында, сондай-ақ, оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыс туындаған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

### **9. Басқа ЖЖОКБҰ ауысу тәртібі**


28. Басқа ЖЖОКБҰ Академияға ауысу кезінде:

- 1) Академия ректорының атына осы ережедегі 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыстыру туралы өтініш;
- 2) нысан бойынша транскрипт көшірмесі;
- 3) ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) нысаны бойынша сертификаты, нәтижелері /балдары/ шығармашылық емтихандары.
- 4) білім алып жатқан ЖЖОКБҰ ауысуға ЖЖОКБҰ мөрімен (немесе фирмалық бланкіде) бекітілген жазбаша келісімі.

29. Білім алушыны басқа ЖЖОКБҰ Академияға ауыстыру рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) Академия кеңсесі, құжаттар топтамасын қабылдайды және тіркейді және оқу үдерісін ұйымдастыру және бақылау қызметінің қарауына береді;
- 2) офис-тіркеушілер бөлімі ұсынылған құжаттар негізінде оқу жоспарларындағы пәндердің айырмашылығын анықтайды және меңгерілген пререквизиттерге сәйкес оқу курсы белгілейді, білім беру бағдарламасына сәйкес игерілген кредиттерді қайта есептейді және білім алушының жеке оқу жоспарын бекітеді;



	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 9-16

3) кафедра меңгерушілерінің, факультет декандарының, оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі басшысының, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі басшысының, офис-тіркеушінің, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың, ғылым жөніндегі проректордың бұрыштамаларына сәйкес Академия ректоры білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

4) бұйрық шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде білім алушы бұрын оқыған ЖЖОКБҰ оның жеке ісін жіберу туралы жазбаша сұрау салу жіберіледі. Сұрау салуға білім алушыны ауысу тәртібімен қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

#### **10. Ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысына ауысу тәртібі**

30. Білім алушыны ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғары білім алу процесінде бос білім беру орындары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі. Конкурс барлық оқу кезеңіндегі GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) үлгерімінің орташа балы негізінде аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі.


2) ашық конкурс туралы хабарландыру Академияның сайтында (білім беру порталында) ББТ мен курстар бөлінісінде бос мемлекеттік тапсырыстың санын көрсете отырып орналастырылады.

3) GPA(Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) үлгерімінің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, тек А, А- ("өте жақсы"), В+, В, В -, С+ ("жақсы") дейінгі бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады, бұдан әрі – оқудың барлық кезеңіндегі аралас бағалар.

31. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу процесінде бос бюджеттік орындарды беру жазғы және қысқы каникул кезеңінде (ағымдағы жылғы бекітілген Академиялық күнтізбе бойынша) жүзеге асырылады.

32. Білім алушылардың ақылы оқу нысанынан мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға ауысу туралы өтініштерін қарау үшін факультет декандары, проректорлар және Академияның құрылымдық бөлімдердің басшыларының қатарынан комиссия құрылады. Комиссия төрағасы Академия ректоры болып табылады.

33. Академияда білім алу процесінде бос мемлекеттік тапсырыс бойынша ақылы оқу нысанынан оқуға ауысу рәсімі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023
		30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-16

1) ақылы негізде білім алып жатқан білім алушы академия басшысының атына өзінің GPA балын ашық қолжетімді болатындай жариялауға келісімін көрсете отырып, одан әрі жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты бойынша оқуға 3 қосымшада келтірілген нысанға сәйкес өтініш береді;

2) Академияда кадрларды даярлау бағыттары, білім беру бағдарламаларының топтары мен курстары бөлінісінде GPA балын көрсете отырып, босаған гранттарға үміткерлердің деректерін ұйымның сайтында (білім беру порталында) орналастырады;

3) келіп түскен өтініштер комиссия отырысында қаралады және Академияның Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

4) білім алушының өтініші бойынша Академияның офис-тіркеуші бөлімі барлық оқу кезеңіндегі аралық аттестаттау нәтижелері бойынша GPA үлгерімінің орташа балын айқындайды.

34. Академияның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 5 тамызы мен 25 қаңтарына дейінгі мерзімде босаған білім беру гранттарына үміткерлердің тізімін ғылым және жоғары білім мен мәдениет және ақпарат министрлігі саласындағы уәкілетті органға, келесі құжаттарды қоса бере отырып, шешім қабылдау үшін жолдайды.

1) Академия Ғылыми кеңесінің шешімі;

2) кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңі үшін меңгерілген пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің тізбесін қамтитын білім алушының транскриптің қамтиды;


3) мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алушыны оқудан шығару туралы Академия ректорының бұйрығынан үзінді көшірме;

4) мемлекеттік тапсырыс бойынша үміткердің жеке куәлігінің көшірмесі.







35. Нақты ББТ бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, жоғары білім алу процесінде босаған мемлекеттік тапсырыс бойынша бос орындар жазғы және қысқы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша басқа ББТ білім алушыларына конкурстық негізде беріледі;

36. Мәселе оң шешілген жағдайда, ҚР ҒЖБМ ауыстыру туралы бұйрық жібереді. ҚР ҒЖБМ бұйрығы негізінде Академия ректоры мемлекеттік тапсырыс бойынша әрі қарай оқуға бұйрық шығарады.

37. Мемлекеттік тапсырыс бойынша одан әрі оқуға арналған бұйрықтың көшірмесі білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасу үшін Академияның заң бөліміне беріледі.

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b>	П 017-1.06-2023
	<b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 11-16

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

<b>Әзірленді:</b>		
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
<b>Келісілді:</b>		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		Халықов Қ.З.
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми -зерттеу орталығының басшысы		Кульшанова А.А.
Оқу-әдістемелік қызметтің басшысы		Джумадилова Ж.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сейтбекова Г.Д.
Ішкі сапаны қамтамасыз ету және мониторинг қызметінің басшысы		Маткерим Д.А.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

Ереже  
нормативтік құжат түрі

П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Бет 12-16

1 Қосымша

### ӨТІНІШ НЫСАНЫ

ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ  
\_\_\_\_\_ ректоры

/ Ректор Т. А. Ә./  
БТ/ББ бойынша \_\_\_\_\_  
оқыту түрі \_\_\_\_\_  
түскен жылы \_\_\_\_\_  
есептеу жылы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
/аты-жөні/

байл.тел. \_\_\_\_\_

### Өтініш

Сізден мені \_\_\_\_\_ факультет \_\_\_\_\_ курсқа БТ  
\_\_\_\_\_ ББ \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасының бейіні бойынша бойынша  
ақылы негізде қайта оқуыма рұқсат беруіңізді сұраймын.

Ережелермен таныстым, пәндердегі айырмашылық \_ \_ \_ \_ \_ кредитті құрайды.  
Белгіленген мерзімде ақылы негізге тапсыруға міндеттенемін.

Құжаттарды қоса беремін:

- 1 / транскрипт немесе жоғары білімді аяқтамағаны туралы анықтама;
- 2 / сертификат ;
- 3 / шығармашылық емтихандардың балдары

\_\_\_\_\_  
/ қолы/

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Ереже  
нормативтік құжат түрі

Бет 13-16

2 Қосымша

## ӨТІНІШ НЫСАНЫ

ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ

\_\_\_\_\_  
/ Ректор Т. А. Ә./

студент, магистрант \_\_\_\_\_ курс

\_\_\_\_\_/ ЖЖОКБҰ атауы/

ББТ/ББ бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
/ Аты-Жөні/

Телефон: \_\_\_\_\_

## Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ / ЖЖОКБҰ атауы/ауысуыма байланысты ББТ  
\_\_\_\_\_ ББ \_\_\_\_\_ білім беру бағдарламасының бейіні  
\_\_\_\_\_ курс \_\_\_\_\_ бойынша, \_\_\_\_\_ факультетіне ақылы  
негізде қабылдауыңызды сұраймын.

Ауыстыру туралы ережемен таныстым, пәндердегі айырмашылық \_ \_ \_ \_ \_ кредитті  
құрайды. Белгіленген мерзімде ақылы негізге тапсыруға міндеттенемін.

Құжаттарды қоса беремін:


1) өтініш ауыстыру туралы шешім.

2) Транскрипт.

3) ҰБТ / сертификатының көшірмесі / шығармашылық емтихандардың балдары/

\_\_\_\_\_  
/ қолы/

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Ереже  
нормативтік құжат түрі

Бет 14-16

3 Қосымша

## ӨТІНІШ НЫСАНЫ

ҚР МАМ "Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ

\_\_\_\_\_  
/ Ректор Т. А. Ә./

студент, магистрант / \_\_\_ курс  
ақылы оқыту нысаны

ББТ /ББ/ \_\_\_\_\_

факультет \_\_\_\_\_

Ф. И. О. \_\_\_\_\_

Байл.тел: \_\_\_\_\_

## Өтініш

Сізден барлық оқу кезеңінде GPA жетістіктерінің орташа баллы негізінде аттестациядан өту нәтижелері бойынша конкурстық негізде мемлекеттік тапсырыс бойынша ақылы оқу нысанынан бос орынға ауысуды қарауды сұраймын. GPA баллымды жариялауға рұқсатымды беремін.

\_\_\_\_\_  
/ ҚОЛЫ/

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

П 017-1.06-2023

30.11.2023 ж.

Ереже  
нормативтік құжат түрі

Бет 15-16

4 Қосымша

Пән айырмашылығы  
20 \_ 20 \_ оқу жылы

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ «Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» туралы ережесінің 5 т.14 тармағына сәйкес оқу жұмыс жоспарындағы пәндердің академиялық айырмашылықтары анықталды.

Білім алушының аты-жөні: \_\_\_\_\_

Білім беру тобы: \_\_\_\_\_

Білім беру бағдарламасы: \_\_\_\_\_

Курс: \_\_\_\_\_

Семестр: \_\_\_\_\_

№	Пән атауы	Кредит саны	Пән атауы 20 - 20 о.ж.	Кредит саны
1				
2				
3				
4				
5				
6				
	Барлығы			
	1 кредит құны			
	Қорытынды			

Офис тіркеуші бөлімнің басшысы

\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)


Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)









Таныстым

\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)

Күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20.....

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b>	П 017-1.06-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 16-16

### ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Лауазымы	Қолы	Аты-жөні
1	Театр өнері факультетінің деканы		Кульсеитова М.А.
2	Өнертану факультетінің деканы		Жаксылыкова М.Б.
3	Кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы		Байділда Б.Н.
4	Кино және ТД фак. деканы		Бакеева М.К.
5	Хореография фак. деканы		Габбасова Г.Н.
6	Музыкалық өнер фак. деканы		Касимова З.М.
7	Компьютерлік технологиялар кафедрасының меңгерушісі		Сатыбалдиева Ф.А.
8	Арт - менеджмент және продюсерлеу каф. меңгерушісі		Молдашева А.К.